

2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысы бойынша жылдық

ЕСЕП

2023-2024 оқу жылында мектептің тәрбие жұмысы оқушылардың жан-жақты дамуына, ұлттық және мәдени құндылықтарды насихаттауға, қауіпсіздік шараларын күшейтуге, ата-аналармен тығыз байланыс орнатуға бағытталған кешенді іс-шаралармен ерекшеленді. Бұл іс-шаралар баланың рухани, моральдық және әлеуметтік дамуына әсер етуді көздеді.

1. Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

Оқушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мектептегі ең маңызды мәселелердің бірі болды. Мектеп аумағында орнатылған 64 бейнебақылау камерасы және 2 турнир жүйесі арқылы оқушылардың қауіпсіздігі толықтай бақыланды. 22 камера «Сергек» жүйесіне қосылып, 36 камера ғимараттың ішкі бөлігіне, ал 28 камера сыртқы аумағына орналастырылды. Бұл шаралар ата-аналарға балалардың қауіпсіздігі туралы сенімділік берді.

2. Денсаулықты сақтау мен оқушыларды сергіту шаралары

Денсаулықты сақтау мен дене шынықтыруға назар аударылды. 2-11 сыныптар арасында сергіту сәті челленджі өткізілді. Бұл шара шаршаудың алдын алу, ақыл-ой белсенділігін қалпына келтіру және дене бітімін дұрыс дамытуға бағытталған.

3. Әлеуметтік және тәрбиелік іс-шаралар

Әлеуметтік және тәрбиелік шаралардың бірі – «Қарттарым – асыл қазынам» жобасы болды. Бұл жоба аясында қарттар күні қарсаңында Сарыарқа аудандық ардагерлер одағының мүшелерімен кездесу ұйымдастырылып, қарттар үйіне барып, сый-құрмет көрсетілді. Сонымен қатар, бұл шара жас ұрпаққа үлкендерді құрметтеу мен сыйлауды үйретуге бағытталды.

4. Ата-аналарды педагогикалық қолдау

Оқу жылы барысында ата-аналарды білім беру процесіне белсенді тарту мақсатында бірқатар «Ашық есік» күндері өткізілді:

- 30 қыркүйек 2023 жыл – «Мектеп, ата-ана, ұстаз бірлігі – ұрпақ тәрбиесінің ізгі жолдары» атты шараға 312 ата-ана қатысты. Бұл шара ата-аналар, ұстаздар мен мектептің өзара ынтымақтастығын нығайтуға бағытталды.

- 28 қазан 2023 жыл – «Баланың бас ұстазы – ата-ана» шарасына 250 ата-ана қатысып, баланың тәрбиесіндегі ата-ананың басты рөлі талқыланды.

- 25 қараша 2023 жыл – «Баланың бас ұстазы – ата-ана» шарасына 280 ата-ана қатысып, баланың жетістікке жетуінде ата-ананың қолдауының маңыздылығы айтылды.

- 22 желтоқсан 2023 жыл – «Сүйіспеншілік – сыйластық кілті» шарасына 374 ата-ана қатысып, сүйіспеншілік пен мейірімділіктің бала тәрбиесіндегі рөлі талқыланды.

- 26 қаңтар 2024 жыл – «Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу!» шарасына 286 ата-ана қатысып, баланы қолдау арқылы оның болашақ табысты болуына ықпал ету жолдары талқыланды.

- 23-24 ақпан 2024 жыл – «Балаға үйрету: ақылыңды мейірімге орап бер» шарасына 186 ата-ана қатысып, баланы тәрбиелеуде даналық пен мейірімділіктің үйлесімділігі талқыланды.

- 29 наурыз 2024 жыл – «Отбасы құндылығы – сарқылмас қазына» шарасына 122 ата-ана қатысып, отбасылық құндылықтарды сақтау мен ұрпаққа жеткізу маңыздылығы сөз болды.

5. Ұстаздар мерекесі

Қазан айында мұғалімдер күніне орай мерекелік шаралар өтті. Оқушылар ұстаздарына арнап шығармашылық нөмірлер дайындап, ардақты ұстаздарына алғыс білдірді. Мектеп ұжымы үшін бұл күн үлкен мереке ретінде атап өтілді.

6. Оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру

Оқу жылының ІІ тоқсанынан бастап «8 минуттық оқу» жобасы іске қосылып, оқушылардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру мақсат етілді. Сонымен қатар, әр бейсенбі күні өткізілетін «Ғылым күні» жобасы оқушылардың танымдық қызығушылығын дамытуға бағытталды.

7. Ұлттық құндылықтарды насихаттау

Әр сәрсенбі күні оқушылар ұлттық киім кию дәстүрін қолдады. Бұл шара ұлттық мәдениетке деген сүйіспеншілікті арттыру және дәстүрді жаңғыртуға бағытталды. С. Сейфуллин шығармаларын насихаттау мақсатында әр бейсенбі сайын мектепте ақынның өлеңдерін жатқа оқу дәстүрі енгізілді.

8. Мерекелік іс-шаралар

25 қазан күні Республика күніне арналған мерекелік іс-шаралар өтті. Бұл шара оқушылардың Отанға деген сүйіспеншілігін оятып, ұлттық символдарды құрметтеуді үйретуге бағытталды. Сонымен қатар, С. Сейфуллиннің 129 жылдығына орай ІІІ қалалық Сәкен оқулары ұйымдастырылды.

9. Құқықтық және діни сауаттылықты арттыру

Мектепте құқықбұзушылықтың алдын алу бойынша түсіндірме жұмыстары өткізілді. «Құқықтық тәрбие», «Кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстар және оның алдын алу», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы» тақырыптары талқыланып, діни сауаттылықты арттыру мақсатында Астана қаласы Ырыскелді қажы мешітінің Наиб имамы Рашид Алпысбаевпен кездесу ұйымдастырылды.

10. Әкелер кеңесінің жұмысы

2023 жылдың 20 қарашасында «Әке – отбасы тірегі» тақырыбында қалалық конференция өтті. Бұл конференцияда отбасыдағы әкенің рөлі, оның бала тәрбиесіндегі орны талқыланды. Осы іс-шара аясында мектепте Әкелер кеңесінің кабинеті ашылды.

11. Семинарлар мен кездесулер

12 наурыз күні «Сынып жетекші – тәрбие жүйесінің негізгі ұйытқысы» атты қалалық семинар өтті. Семинар барысында сынып жетекшілердің тәрбиелік жұмысындағы маңызды рөлі талқыланып, тәжірибе алмасу жұмыстары жүргізілді.

Қорытынды

2023-2024 оқу жылының тәрбие жұмысы оқушылардың тұлғалық дамуына, ұлттық және мәдени құндылықтарды дәріптеуге, қауіпсіздік шараларын күшейтуге, ата-аналармен бірлесе жұмыс істеуге бағытталған кешенді іс-шаралармен жүзеге асырылды.

Келесі оқу жылында да осы бағыттағы жұмыстарды жалғастыру жоспарланып отыр.